

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**6М030100 – ҚҰҚЫҚТАНУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ПРЕРЕКВИЗИТТЕР
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қостанай, 2018

Негізгі бөлім

1 Мемлекет және құқық теориясы

Молуль 1 Мемлекет және құқық теориясы

1.1. Мемлекет және құқық теориясы ғылым және оқу пәні ретінде. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдістері. Мемлекет және құқық теориясы юридикалық ғылымдар жүйесінде.

Мемлекет және құқық теориясының ғылымилық қағидасы.

Мемлекет және құқық теориясының функциялары: зерттеуші – танымдық, бағыттаушы, тәрбиелеуші, болжаушы.

Мемлекет және құқық теориясы курсының жүйесі. Зәңі дүниетаным қалыптасуындағы және кәсіби-заңгерді қалыптастырудағы мемлекет және құқық теориясының ролі. Мемлекет және құқық теориясының фундаментальді және қолданбалы міндеттерінің үйлесуі және олардың өзара толықтырылуы.

Мемлекет және құқық теориясындағы жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістемелердің үйлесімділігі. Салыстырмалы, нақты-әлеуметтік, статистикалық, формальды-заңдылық, кибернетикалық және басқа да жеке әдістер және олардың ғылыми танымдағы ролі.

Мемлекет және құқық теориясында талдау (анализ), сомдау (синтез), индукция, дедукция, болжау (гипотеза) сияқты ғылыми әдістерді қолдану.

Мемлекет және құқық теориясы мен негізгі гуманитарлық ғылымдардың (философия, саясаттану, әлеуметтану, экономиялық теория) өзара қатынасы. Заңтанудың әдістемесін қалыптастыру және дамыту үшін мемлекет және құқық теориясында философия ережелерін қолдану.

Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттейтін ғылым жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының алатын орны. Мемлекет және құқық теориясы және шетелдердің мемлекет және құқық тарихы, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихымен өзара байланысы. Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудегі тарихи қағидасы. Мемлекет және құқық теориясы мен нақты (соның ішінде салалық) юридикалық пәндер.

Нақты юридикалық ғылымдарды зерттеу және таным қызметтерінің тәжірибелерін жалпылау, сонымен қатар, мемлекеттік-құқықтық даму заңдылығын жеке талдау заңтану саласындағы әдістемелік маңызы бар мемлекет және құқық теориясының жалпы қағидаларының негізі ретінде.

1.2. Қоғам және мемлекет. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің маңызды бөлігі ретінде. Саяси және мемлекеттік-құқықтық институттары, құрылымы, қатынастары; олардың қасиеттері мен белгілерін ажырату қажеттілігі.

Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы. Саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, жаппай қозғалыстардың саяси жүйедегі алатын орны, олардың мемлекетпен оның органдарымен өзара қатынасы. Мемлекетті басқаруға саяси

партияның қатысу нысандары. Билеуші және оппозициялық партиялар.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің эволюциясы.

1.3. Мемлекет түсінігі, мәні, функциялары. Мемлекеттік билік және мемлекет механизмі.

Мемлекет - саяси, құрылымдық, территориалдық ұйым ретінде, және оның бұқаралық билік, бодандарын территориалық бөлу, аппараты ұстау үшін тұрғындардан салықты жинау тәрізді белгілері мен қасиеттерінің қалыптасуы.

Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялары: патерналистік, теологиялық, келісімдік, күштеу теориясы, табиғи-құқықтық, диалектико-материалдық және т.б. Көрсетілген теориялардың жағымды жақтары мен кемшіліктерін ғылыми бағалау.

Мемлекет адамзаттың жалпы өмір сүруінің ерекше саяси ұйымы ретінде. Мемлекеттің мәні және оның эволюциясы: мемлекет дамуының әртүрлі сатысындағы мемлекетпен шешілетін жалпыәлеуметтік және таптық міндеттері қатынасындағы өзгерістер. Мемлекеттің негізгі ерекше белгілері, олардың басқа қоғамдағы ұйымдардан айырмашылығы. Мемлекеттің қызмет етуіне оның алдында тұрған міндеттері мен мемлекет мәнінің ықпалы. Мемлекет функциялары (қызметтері) ұғымының қалыптасуына деген әр түрлі көзқарастар. Мемлекет функцияларының жіктелуі: ішкі және сыртқы, тұрақты және уақытша, негізгі және негізгі емес.

Қазіргі кезеңдегі мемлекет функцияларының даму эволюциясы. Адам құқықтарын қамтамасыз ету, кепілдік беру және қорғау функциясы- либералды-демократиялық мемлекеттің басты функциясы. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және қорғаушылық функцияларының және басқа да мемлекеттермен ынтымақтасуды күшейту функциясының жоғарылау ролі.

Мемлекет функцияларының жүзеге асырылуының құқықтық және ұйымдастырушылық нысандары. Мемлекет функцияларының мазмұны, әрекет ету объектілері және жүзеге асырылу әдістері. Мемлекет функциялаы мен мемлекеттік органдардың функцияларының ара қатынасы.

Қоғамның жаңару, нарықтық қатынасқа өту, әлемдік қауымдастыққа өту кезеңдерінде мемлекет функцияларының дамуы. Мемлекеттік биліктің егеменділігі – мемлекеттің саяси-юридикалық өзіндік сипаты ретінде. Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің түрі ретінде, оның жүзеге асырылу тәсілдері мен нысандары. Құқық мемлекеттік билікті шектеу үшін тиімді тәсіл ретінде және оны соққыға ұшыратпау. Мемлекет бұқаралық-құқықтық қауым ретінде. Мемлекет және мемлекеттілік: шектері мен арақатынасы.

Мемлекет механизмі (аппараты) түсінігі, оның құрылымдық қағидалары және қызмет ету қағидалары: биліктің бөлінуі, демократизм, интернационализм, кәсібилік, заңдылық, тұрғындардың мүдделерін жүзеге асыру.

Мемлекеттік аппараттың кадрлары. Мемлекеттік қызмет институтының дамуы. Мемлекеттік қызметкерлердің саяси және әкімшілік болып бөлінуі, олардың мәртебелерінің айырмашылықтары.

Мемлекет механизмі (аппарат) құрылымы. Мемлекет органы, оның міндеттері, функциялары, құзыреті. Билік өкілеттілігінің болуы – мемлекет органның ерекше белгісі. Мемлекет органдарының заңшығарушы, атқарушы және сот органдарына жіктелуі. Мемлекеттің жоғары және жергілікті органы. Жалпы және арнайы құзыретті органдар.

Қазақстан Республикасының мемлекет органдар жүйесі: Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, Жоғары Сот, Прокуратура, министрліктер және ведомстволар, жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдар.

Биліктің ұйымдастырушылық-мәжбүрлеуші құралдары (әскер, барлау, түрме) мемлекет механизмнің құрамдас бөлігі ретінде. Олардың заңға қатаң сәйкес қызмет етуі.

1.4. Мемлекет типологиясы. Мемлекет нысандары.

Мемлекеттің мәнін және оның қоғамдық тағайындалуын дұрыс түсіну үшін мемлекет типологиясының ғылыми маңызы.

Осы кезеңде болған қоғамдық-экономикалық формация мен мемлекеттің өзара байланысының ажырамас қажеттілігі ретінде қарастырудан туындайтын мемлекет типологиясының формациялық негіздері. Мемлекет типологиясына деген мәдени және социомәдени факторларды (құндылық, діни, психологиялық, этнодіни, демографиялық және т.б.) ескере отырып, мемлекет типологиясының өркениеттік негіздерін зерттеудің табандық қажеттілігі.

Мемлекеттің типологиясының формациялық және өркениеттік өлшемдерінің тиімді үйлесуі – қоғам өміріндегі оның ролі мен маңыздылығын дұрыс түсіндіруге және өлшемді бағалауға деген жолы.

Мемлекет нысаны түсінігі. Мемлекет нысанын мемлекет мәнімен салыстырғандағы мемлекет нысанының қатысты дербестігі. Мемлекет нысанын анықтайтын факторлар: экономикалық, саяси, тарихи, ұлттық, географиялық, климаттық, басшының жеке қасиеттері.

Басқару нысаны. Басқарудың монархиялық және республикалық нысандары, олардың түрлері, ерекшеліктері және қоғам өміріндегі ролі. Мемлекет құрылым нысаны. Унитарлы және федеративті мемлекеттер олардың ерекшеліктері. Ұлттық-этникалық белгілеріне негізделген федерациядан, территориалды – мемлекеттік қағидаға негізделіп құрылған федерацияның айырмашылығы. Аралас федерация. Федерацияның конфедерациядан айырмашылығы. Басқа да мемлекеттік және мемлекетаралық ұйымдар: қауымдар, достастықтар, империялар. Мемлекеттің әкімшілік – территориалдық бөліністері.

Мемлекеттік-саяси режим және оның түрлері. Либералды-демократиялық, авторитарлық және тоталитарлы режимдердің сипаты.

1.5. Мемлекет, құқық, тұлға. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.

Мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуындағы дуализм: мемлекет қоғамды басқару құрал және таптық дауды шешу құралы ретінде. Қоғамдағы үстем таптың немесе үстем әлеуметтік қабаттың мемлекетті біржақты таптық бағдарына көндіру ұмтылысы. Осындай ұмтылыстан баяу құтылу және либеральды-демократилық бағдарды орнықтыру - қоғамның алдыңғы қатарлы күшін қолдау арқылы қазіргі саяси-құқықтық дамудың ең маңызды тенденциясы. Ірі ресурстарды (ұйымдастырушылық, материалдық, қаржылық, адамдық) және мүмкіндіктерді (биліктік өкілеттілікті пайдалану, мәжбүрлеу және т.б.) мемлекетте шоғырландыру, сонымен қатар, осыған байланысты қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани процесстеріне позитивті және негативті әсер ету қабілеті, қоғамның даму деңгейіне және оның бағытына белгілі көлемде ықпал ету.

Қазіргі замандағы саяси-құқықтық дамуының тенденцияның бірі ретінде жек тұлғаның басымдылығының баяу бекуі.

Азаматтылық институтының демократиялануы. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары түсінігі. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары және адам құқықтары мен бостандықтары арақатынасы. Мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігі. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, оның әлеуметтік және заңды қорғалуының бекітілуі. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтаумен күресудегі халықаралық құқықтың күшеюі.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы – құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік – экономикалық алғышарттары. Мемлекеттің қысымына қарсы тұру мүмкіндігі бар, азаматтық қоғамның институттары (партиялар, қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз баспалар, қоғамдық пікір).

Құқықтық мемлекетті құрудың объективтік қажеттілігі. Оның негізгі сипаттамасы: мақсаттары, міндеттері, қызметтері, әлеуметтік тағайындау. Құқықтық мемлекеттің саяси, экономикалық және адамгершілік тұғыры.

Этатистік мемлекеттен құқықтық мемлекеттің айырмашылығы. Адам құқығының қамтамасыз етілуі, қорғалуы – құқықтық мемлекеттегі саяси режимнің қасиеті. Құқық және бостандықтың нақтылығы, олардың кепілдігі жеке тұлғаның еркін және абыройлы өмір сүруіне жағдай жасау. Мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі.

Құқық пен заңның бірлігі – құқықтық мемлекеттің нормативтік жүйесінің ерекшелігі. Заңдылық және әділеттілік, заңның үстемділігі, құқыққолдану және құқыққорғау қызметтерінің тиімділігі қағидаларын сақтау. Биліктің бөлінуі, тепе-теңдік және тежемелік механизмін қатаң қамтамасыз ету. Жемқорлықтан тәуелсіз объективті сот. “Заңда тыйым салынбағанның барлығына рұқсат” қағидасын қамтамасыз ету.

Қазақстанда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам қалыптасу жолдары.

Модуль 2. Құқық теориясы.

2.1. Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік тағайындалуы. Қоғамда құқықтың өзге әлеуметтік нормалармен өзара әрекеттесуі.

Құқықтың өмір сүруінің экономикалық, саяси-әлеуметтік және идеологиялық себептері. Қоғамның дамуының белгілі кезеңіндегі пайда болған қажеттілік жалпы ереже бойынша күннен күнге қайталанып жатқан өндіріс, бөлу және айырбастау актілерін қамтитындығы туралы Ф. Энгельстің ойы. Еңбек және мүліктік қатынастарды нормативті реттеудің маңыздылығы, мемлекет механизмі қызметінің тәртібін нормативті бекіту, олардың құрылымдардың арасындағы міндеттерін бөлу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілін бекіту, қылмыстылық және құқықбұзушылықпен күресу бағыттарын анықтау.

Құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің реттеушілік мазмұны: бір азаматтың құқық өкілеттігін елестету, басқаларға міндетті жүктеу, құқықбұзушыларды жауапкершілікке тарту.

Құқық пен мемлекеттің байланысы. Субъективтік құқық және объективтік құқық, олардың ара қатынасы.

Қоғамдағы әрекет етуші әлеуметтік нормалардың саналуандығы. Әлеуметтік нормалардың жіктелуі, олардың техникалық нормалардан айырмашылығы.

Адамдардың мінез-құлқын реттеу үрдісінде құқықтық, моральдік, адамгершілік нормалардың өзара әрекеттену нысандары. Әдет ғұрыптар мен дәстүрлерінің ерекшеліктері, оларды тәжірибеде қолдану ортасымен, құқықтық нормалармен қатар қоюы. Саяси партиялар нормалары. Діни нормалардың әрекеттенуінің күшеюі.

Қазіргі таңдағы құқық нормаларының гуманизм проблемасы.

2.2. Құқық түсінушіліктің негізгі концепциялары.

Қазіргі замандағы құқық түсінушілікке жалпы мінездеме: құқық түсінігіне жеке көзқарастары, бар мектептердің көпшілігі. Құқықты түсінудің негізгі әдістері: психологиялық, және әлеуметтік (құқық нормалар және жиынтығы ретінде, құқық құқықтық сана ретінде, құқық құқықтық қатынастар ретінде). Әр құқық түсінушіліктің әрқайсысына бірен-саран мінездеме.

2.3. Құқық нормалары және нысандары (қайнар көздері).

Құқық нормасы – адамдардың тәртібінің ережесі, үлгісі, өлшемі, мінез-құлық көлемі ретінде. Құқық нормасының белгілері – оның жалпыға міндеттілігі, әрекеттің көп қайталанбалылығы, мемлекеттің ықпал ету шарасымен қамтамасыз етілуі, өкілді-міндеттеуші сипаты. Жеке құқықтық ұйғарымдардан, сонымен қатар, мемлекеттік органдардың шақыру мен жолдаулардан құқықтық норманың айырмашылығы. Құқық нормасы мен нормативтік құқықтық актінің баптарының ара қатынасы. Диспозиция құқық нормасының негізгі бөлігі ретінде, санкция мен гипотезаның функционалдық тағайындалуы. Құқық нормасының түрлері. Құқық нормасының жіктелуі

өлшемдері: заңдық күші, адамдардың мінез-құлқына ықпал ету тәсілдері (міндеттеу, тыйым салу, рұқсат беру), реттеу пәні мен әдісі, әрекет ету аумағы.

Нормативтік құқықтық акт, оның белгілері және жеке – құқықтық актілерден (қолдану және талқылау актілері) айырмашылығы.

Нормативтік құқықтық актілердің түрлері, олардың әртүрлі өлшемдерге (заң күші, оларды шығаратын субъектісі, әрекет ету аумағы және т.б. бойынша) байланысты жіктелуі. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы.

Мемлекеттің құқық жүйесінде заңның жетекші орны. Құқық және заң. Заңның үстемділігі. Заңның түрлері – негізгі, конституциялық, кодекстер және қарапайым. Заңшығармашылық актілер.

Заңға бағынышты нормативтік құқықтық актілер: Президент, Парламент, атқару билік, сот, жергілікті басқару органдарының актілері. Конституциялық Кеңестің актілері.

Нормативтік актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі. Нормативтік құқықтық актілердің уақытта, кеңістікте, және тұлға бойынша әрекет етуі.

Заң ғылымында құқықтың қайнар көздері түсінігі. Құқықтың қайнар көздерінің түрлері және олардың ара қатынасы. Құқықтың қайнар көздерінің материалдық және заңи мағынасы. Құқықтық әдет-ғұрып, әдет-ғұрып құқығы.

Прецедент англо-саксондық құқық жүйесі бар мемлекеттерде және кейбір басқа да мемлекеттерде құқықтың қайнар көзі ретінде. Соттық және әкімшілік прецеденттердің ерекшеліктері.

Нормативтік құқықтық акт - қазіргі қазақстандық құқықтың негізгі қайнар көзі.

2.4. Құқықтық жүйе, құқық жүйесі және заңнама жүйесі. Қазіргі замандағы құқықтық жүйелер.

Қоғамның құқықтық жүйесі және оның элементтері.

Құқық нормаларының құқықтық институттарға, салаларға және бағынышты салаларға бөліну негіздері. Құқықтық реттеудің пәні мен әдісіне сипаттама, сонымен қатар, қоғам өмірінің тиесілі аумағындағы құқықтық реттеуге деген мемлекеттің мүдделілігі. Құқық жүйесінің экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани қатынастарындағы негізділік.

Материалдық және процессуалдық құқық саласы. Бұқаралық және жеке құқық. Ішкі мемлекеттік құқықтың жүйесі және оның халықаралық құқықпен ара қатынасы. Ұлттық заңнама акті алдындағы халықаралық құқықтың үстемділігінің баяу бекітілуі. Заңнаманың кешендік саласы. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің ырғақтық динамизм айырмашылықтары. Құқықтың институттар мен субинституттарына, саласы мен бағынышты саласына жалпы сипаттама.

2.5. Құқықшығармашылық және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу. Заң техникасы.

Құқықшығармашылық және оны негіздейтін факторлар. Құқықшығармашылық және заңшығармашылық үрдісінің сатылары. Заңшығармашылықтың бастамасы, оның субъектілері, реттеу насандары. Заң

жобаларын дайындау, оны Парламентке енгізу және талқылау. Заңдарды және басқа да мемлекеттің нормативтік-құқықтық актілерін қабылдау және оларды жариялау. Құқықшығармашылықтың қағидалары: демократизм, заңдылық, кәсібилік, тұрғындардың мүдделерін ескеру.

Заңнаманы жүйелеу түсінігі. Жүйелеудің түрлері. Нормативтік құқықтық актілердің инкорпорацияның, кодификацияның, консолидацияның ерекшеліктері. Кодификация және консолидация актілері: кодекстер, заңнама негіздері, заңдар жинағы, ережелер, жарғылар.

Заң техникасы түсінгі және белгілері. Заң техникасы түрлері. Заң техникасының нормативтік актілерді жүйелеуде және құқықшығармашылық сапасын қамтамасыз етудегі орны, оған қолданылатын терминдер мен ұғымдар талаптары. Заңнаманы жүйелендірудің кейбір жұмыстарын электронды есепке алу (компьютерлендіру).

2.6. Құқықты іске асыру және қолдану. Құқық нормаларына түсінік беру.

Құқықты іске асыру оның талаптарын өмірге әкелу. Құқықты іске асыру нысандары (сақтау, орындау, құқықты пайдалану және құқықтық нормаларды қолдану, субъективтік құқықты жүзеге асыру және құқықтық қатынас субъектілерінің юридикалық міндеттерін орындау). Құқықпен тыйым салынған әрекеттерден ұстану. Құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу. Әр құқықтық норма әрекетінің қайталанбалығын есепке алу және оның соммалық нәтижесі. Құқықты іске асырудың юридикалық және фактілік сатылары. Құқықты іске асыру мен құқықтық реттеудің ара қатынасы.

Құқықты дұрыс іске асырудың ұйымдастырушылық-юридикалық қамтамасыз етілуі.

Құқық нормаларын қолдану – оларды іске асырудың ерекше нысаны. Кейбір өмірлік жағдайларға сәйкес, құқықтық нормаларды қолданатын субъектілер (мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар). Құқыққолдану қызметі қажеттілігі туындайтын оқиға.

Құқықтық нормаларды қолданудың үдерісінің сатылары. Құқықтық норманы қолдануды қажет ететін істің нақты мән жайын ашу, қолданатын норманың заңи қасиетін және растылығын тексеру, шешім қабылдау және оны рәсімдеу. Құқықтық нормаларын қолдану актілері, олардың түрлері және ерекше белгілері. Құқық қолдану актілерінің негізділігін және заңдылығын қамтамасыз ету. Құқыққолдану актілерінің тиімділігі.

Заңдарға және мемлекеттің басқа да нормативтік-құқықтық актілерге түсінік беру – олардың талаптары мен ұйғарымдарын дұрыс қолдануда, орындауда және жүзеге асырудағы алғышарт ретінде. Түсінік беру нормативтік актілерінің юридикалық мазмұнын ұғындыру (логикалық, тарихи-филологиялық, жүйелік) ретінде. Түсінік беру талқыланатын актілерді түсіндіру (ресми және ресми емес; нормативтік және казуистикалық; аутентикалық; доктринальдық) ретінде. Түсінік беру нормативтік актілерді талқылау (сөзбе сөз, таралымдық және шектеулі) ретінде.

Құқықтағы ақтандықтар, оларды орнын толтыру тәсілдері. Құқық және заң аналогиясы (ұқсастық).

2.7. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.

Құқықтық сана қазіргі болмыстың бейнелену нысаны ретінде. Қоғамдық, таптық, топтық, жеке құқықтық сананың ерекшеліктері. Заңгерлердің кәсіби құқықтық санасы және қоғамның құқықтық мәдениетін көтерудегі оның алатын орны.

Құқықтық сананың құрылымы: құқықтық идеология, әлеуметтік-құқықтық психология, олардың байланысы, өзара ықпалы, олардың арасында қарама қайшылық пен алшақтықтың мүмкіндігі.

Құқық пен құқықтық сананың өзара әрекеттістігінің нысаны. Құқықшығармашылық, құқықты іске асыру қызметінде құқықбұзушылықтың алдын алу, құқыққа сай әрекет және іс қимылдарды таңдаудағы құқықтық сананың ролі. Құқықтық сананың қалыптасуы мен дамуына құқықтық нормалар мен институттардың ықпалы.

Қоғамның, социумның, жеке адамдардың құқықтық мәдениеті. Құқықтық мәдениет пен саяси мәдениеттің ара байланысы, олардың өзара әсері.

2.8. Құқықтық қатынастар.

Құқықтық қатынас қоғамдық байланыстың ерекше түрі ретінде. Құқықтық, экономикалық, әлеуметтік-саяси және басқа да қатынастар. Құқықтық қатынас құқық нормасының талаптарын іске асыру тәсілі ретінде. Құқықтық қатынасты субъектілері, мазмұны және объектісі бойынша жіктеу.

Құқықтық қатынастың субъектілері. Құқық субъектілік, құқықабілеттілік, әрекетқабілеттілік және деликтқабілеттілік. Құқықтық мәртебе. Азаматтар (шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар), мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар құқықтық қатынас субъектілері ретінде. Жеке және заңды тұлғалар. Мемлекет құқыққатынастың ерекше субъектісі ретінде.

Құқықтық қатынастың объектілері және олардың жіктелуі.

Құқықтық қатынас тараптарының субъективтік құқықтары мен заңды міндеттері, оларды байланыстыратын қатынастар. Субъективтік құқық пен заңды міндеттердің мазмұны және құрылымы.

Заңды дерек құқықтық қатынастың пайда болу, өзгеру, тоқтату негіздері ретінде. Заңды деректің түрлері. Оқиға және әрекет, олардың арасындағы айырмашылықтар.

2.9. Құқыққа сай жүріс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту жолдары.

Адамдардың әрекеттері мен қимылдарының құқықтық ұйғарымдарға сәйкестенуін қамтамасыз етудің заңды, әлеуметтік және психологиялық алғышарттары. Құқыққа сай мінез құлық заңды нормалардың ұйғарымдарға сәйкес келетін мінез құлық ретінде және оның мемлекет үшін пайдасы. Құқыққа сай мінез құлықтың объективті және субъективті жақтары. Құқыққа сай әрекеттердің түрлері. Азаматтардың құқықтық белсенділігі. Белсенді және бәсең құқыққа сай мінез құлық. Құқыққа сай мінез құлық ниеттері.

құқықтық ұйғарымды дұрыс түсінуі, жауапкершіліктен қорқу, конформизм және маргинальдық адамға тән қасиеті ретінде.

Құқықбұзушылық құқыққа қарсы әрекет ретінде. Құқықбұзушылықтың юридикалық құрамы (субъект, объект, субъективті жағы, объективті жағы). Құқықбұзушылықтың түрлері: қылмыс, әкімшілік және тәртіптік бұзушылық, азаматтық құқықбұзушылық. Қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты. Қылмыстық емес құқықбұзушылық зияны дәрежесі.

Заңды жауапкершіліктің белгілері және оның мемлекеттік мәжбүрлеу және қоғамдық-моральдық жауапкершілікпен ара қатынасы. Қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершіліктің ерекшеліктері. Заңды жауапкершілікке тартудың негіздері (құқыққа қайшылық, зиян, кінә және себепті байланыс) және одан босату. Заңды жауапкершілік және құқықтық санкциялар. Кінәсіздік презумпциясы.

Заңдылық мемлекеттің және қоғам өмірінің құқықтық режимі ретінде. Заңдылықтың нормативтік негізі болып табылатын, заңдылық пен заңнаманың өзара байланысы. Заңдылық, демократия және тәртіп. Заңдылықтың юридикалық кепілі. Заңдылық, мақсаттылық, әділеттілік.

Құқықтық нормаларды іске асыру нәтижесінде қалыптасқан қоғамдағы тәртіп, құқықтық тәртіп ретінде. Заңдылықтың талаптарын жүзеге асырудың логикалық салдары. Құқықтық тәртіп және қоғамдық тәртіп. Құқықтық тәртіптің заңдылықпен арақатынасы.

Заңдылықты және құқықтық тәртіпті сақтау қазіргі таңдағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының объективті талабы ретінде.

2.10. Құқықтық реттеу механизмі.

Құқықтық реттеу механизмі түсінігі. Құқықтық реттеудің пәні және әдістері. Құқықтық реттеудің сатылары. Құқықтық реттеу механизмі элементтері.

Емтихан сұрақтары:

1. Мемлекет және құқық теориясы ғылым ретінде, оның пәні, міндеттері, функциялары.
2. Мемлекет және құқық теориясы гуманитарлық және юридикалық ғылымдар жүйесінде.
3. Мемлекет және құқық теориясының әдістемесі және әдісі, оның саралануы мен жалпы сипаттамасы.
4. Қоғам, оның негізгі әлеуметтік және саяси институттары. Қоғам және мемлекет.
5. Қоғамдағы әлеуметтік реттеу. Әлеуметтік реттегіштердің түрлері. Жеке және нормативтік реттеу.
6. Әлеуметтік нормалар: түсінігі, белгілері, түрлері, сипаттамалары.
7. Мемлекеттің пайда болуы, оның тайпалық ұйымнан айырмашылығы.
8. Мемлекеттің түсінігі мен белгілері.
9. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялары
10. Мемлекеттің марксистік-лениндік доктринасы, оның сындық-сынды талдауы.
11. Мемлекет пен құқықтың арақатынасы.
12. Мемлекеттік билік: түсінігі, қасиеттері, негізі.
13. Мемлекеттік егемендік: түсінігі, сипаты.
14. Мемлекет функцияларын жүзеге асырудың нысандары мен әдістері
15. Мемлекеттің механизмі (аппараттары): түсінігі, құрылым, ұйымдастыру және қызметінің қағидалары.
16. Мемлекеттік орган: түсінігі, сипаттамалары, жіктелуі.
17. Бюрократизм және сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппаратта
18. Типология және мемлекеттердің түрлері.
19. Басқару нысандары: түсінігі, негізгі түрлері.
20. Мемлекеттің орналасу нысандары: түсінігі, негізгі түрлері.
21. Саяси (мемлекеттік) режим: түсінігі, негізгі түрлері.
22. Мемлекеттің нысандары: түсінігі, көптүрлілігінің себептері. ҚР нысандары
23. Қоғамның саяси жүйесі: түсінігі, құрылымы, түрлері.
24. Қоғамның саяси жүйесінде мемлекеттің орны мен рөлі. Мемлекет пен қоғамның саяси жүйесіндегі басқа институттар.
25. Билікті бөлу және оны ҚР-да енгізу туралы доктрина
26. Құқық мемлекет: түсінігі, негізгі қағидалары
27. Қазіргі Қазақстанның функциялары мен механизмі
28. Құқықтың пайда болуы, оның алғашқы қауымдық құрылыстағы әлеуметтік реттеушіден айырмашылығы.
29. Құқықтың жалпы түсінігі, құқықтың негізгі теориялары.
30. Құқықтың белгілері, оның сипаттамасы.
31. Құқықтың табиғи теориясы.

32. Заңдық позитивизм
33. Құқықтың мәні. Құқықтың әлеуметтік құндылығы, оның функциялары.
34. Құқық қағидаттары, олардың жіктелуі және құқықтық реттеудегі рөлі.
35. Құқық нормалары және адамгершілік нормалары: бірлік, айырмашылықтар, өзара әрекеттесу.
36. Құқық нормасы және салт-дәстүр. Корпоративтік нормалар.
37. Құқықтық реттеу: түсінігі, пәні, сатылары.
38. Құқықтық реттеудің әдістері, әдістері және түрлері.
39. Құқықтық реттеу механизмі: түсінігі, элементтері
40. Құқықтық сана: түсінігі, мазмұны, құрылымы.
41. Құқықтық сананың түрлері мен сатысы.
42. Құқықтық нигилизм: нысаны, себебі, салдары.
43. Құқықтық мәдениет: түсінігі, мәні, алғышарттары.
44. Құқықтың нысаны (көздері), оның түрлерінің сипаттамасы.
45. Нормативтік құқықтық актінің заң көзі ретіндегі түсінігі, оның құқық қорғау актісінен айырмашылығы.
46. Құқық құқығының негізгі нысаны ретінде заң. Заң және құқық.
47. ҚР заңшығармашылық процесі.
48. Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің нормативтік актілері. Министрліктер мен ведомстволар актілері.
49. Заң шығару: түсінігі негізгі формалары, кезеңдері. Қазақстан Республикасының заң шығару ерекшеліктері.
50. Нормативтік актілердің уақыт бойынша әсері.
51. Нормативтік актілердің кеңістікте және адамдар шеңберінде әсері.
52. Құқықтық техникасы: түсінігі, түрлері, құралдары, әдістері
53. Нормативтік актілерді жүйелеу: түсінігі, әдістері.
54. Құқық нормасы: түсінігі, ерекшелігі, белгілері.
55. Құқық нормасының түрлері, олардың әртүрлілігінің себептері.
56. Құқық нормасының құрылымы. Құқықтық нормасының құрылымдық элементтерінің түрлері
57. Құқықтық қатынастар: түсінік, белгілер, құрамы. Құқықтық қатынастардың объектілері: түрлері, сипаттамалары.
58. Субъективті құқықтары: түсінігі, құрылымы.
59. Құқықтық міндеттер: түсінігі, түрлері.
60. Құқықтық қатынастардың түрлері.
61. Құқықтық қатынастардың субъектілері.
62. Жеке тұлғалар құқықтық қатынастар субъектілері ретінде. Құқықтық тұлға, құқықтық қабілет, азаматтардың әлеуеті.
63. Құқықтық қатынастар субъектілері ретінде ұйымдар. Мемлекет құқықтық қатынастар субъектісі ретінде. Заңды тұлғаның тұжырымдамасы
64. Құқықты іске асыру тәсілі ретінде құқықтық қамтамасыз ету, оны құқықтық реттеудегі маңызы.

65. Құқықты жүзеге асыру: түсінігі, нысаны.
66. Құқық нормаларын қолдану процесі, оның кезеңдері.
67. Құқықты іске асыру актісі: ерекшелігі, белгілері, түрлері, құрылымы
68. Заңды фактілер, олардың жіктелуі. Нақты құрамы.
69. Құқықтық ақтаңдақтар және толықтыру жолдары.
70. Құқық нормасын түсіндіру: құқықтық реттеудегі тұжырымдама және маңыздылығы.
71. Субъектілер бойынша құқықты түсіндіру, оның заңдық мәні.
72. Құқықты түсіндіру әдістері (тәсілдері).
73. Көлемі бойынша құқықты түсіндіру.
74. Заңдылық: түсінігі, негізгі ерекшеліктері. Заңдылық принциптері.
75. Заңдылықты қамтамасыз ету кепілдігі. Заңнама және заңдылық.
76. Қоғамдағы құқық тәртіп: түсінігі, негізгі ерекшеліктері. Құқық тәртіп пен қоғамдық тәртіп. ҚР оларды нығайту жолдары.
77. Заңды мінез-құлық: түсінігі, түрлері.
78. Құқықбұзушылық: түсінігі, белгілері, түрлері.
79. Құқықбұзушылықтың құрамы.
80. Заңды асыра пайдалану.
81. Объективті заңсыз әрекеті: ерекшеліктері мен салдары.
82. Заңдық жауапкершілік: түсінігі, мақсаттар, қағидалар.
83. Заңдық жауапкершіліктің функциялары мен түрлері.
84. Заңдық жауапкершілік және мемлекеттік - құқықтық мәжбүрлеудің өзге де шаралары.
85. Құқық жүйесі: түсінігі, негізгі ерекшеліктері, элементтері.
86. Құқық институттары мен салалары: түсінігі, ерекшеліктері, алуан түрлерінің себептері. Құқықтық жүйені салалар мен институттарға бөлудің алғышарттары.
87. Заңнаманың жүйесі: түсінігі, құрылымы. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесі арасындағы арақатынас.
88. Қоғамның құқықтық жүйесі: түсінігі, құрылымы. Қазіргі уақыттағы құқықтық жүйелерін жіктеу.
89. Роман-германдық құқықтық жүйе.
90. Англо-саксон құқықтық жүйесі.
91. Мұсылмандардың құқықтық жүйесі.
92. Қазіргі қазақстандық қоғамның құқықтық жүйесі.
93. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, олардың жіктелуі.
94. Жария және жеке құқық.
95. Мемлекет және шіркеу. Құқық және дін.
96. Мемлекеттің функциялары: түсінігі, жіктелуі.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана: Фолиант, 2014.-288 б.
2. Өміржанов Е. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. -176 б.
3. Ағдарбеков, Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: Оқу құралы. - Алматы: Нұр-пресс, 2008. - 256с.
4. Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы / Оқулықты орыс тілінен қазақшаға аударған: Б. Алтынбасов. – Алматы: ЖШС АйСан-Пресс баспа үйі, 2013. – 583 б.
5. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. / ҚР Заң ғылымдары акад; Д.А. Қонаев атын. ун-т, Орталық Азия ун-ті. - Алматы: Жеті жарғы, 2006. - 258с. -ISBN 9965-11-234-7.
6. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Алматы: Нұр-Пресс, 2005. - 296с. -ISBN 9965-9576-3-0.
7. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н.. «Мемлекет және құқық теориясы». Оқулық.- Алматы: ҚазМу баспа орталығы, 1999. – 320 бет

Қосымша:

8. Құқықтық саясат тұжырымдамасы шеңберінде Қазақстанда құқықтық мәдениетті қалыптастыру проблемалары мен болашағы: РКМ (2010 жыл 13 желтоқсан). Астана, 2010.
9. Лейст О.Э. Сущность права. Проблемы теории и философии права: учеб.пос. М., 2011.
10. Оспанов К. Мемлекет және құқық негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2009. -52 б.
11. Теория государства и права. Курс лекции под ред. Матузова Н.И. 1999
12. Сапарғалиев Ғ. ҚР-ның Конституциялық құқығы., Алматы-1998
13. Амандықов С.К. «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы». Оқулық.- Астана: Бастау, 2001.-348 бет
14. Крусс В.И. Актуальные проблемы злоупотребления правами и свободами человека // Государства и права № 7,2002
15. Марченко М.Н. Теория государства и права. Учебник. – М.: Юрид. лит., 1996.
16. Матюхин А,А Государство в сфере права: институциональный подход. Алматы : ВШП «Әділет», 2000.-596с.
17. Жигуленков М,В К вопросу о классификации функции государства. // Право и политика, 2002.
18. Абайдельдинов Е.М. Соотношение Международного и национального права РК. Алматы: Қазақ университеті, 2002

19. Алимжан К. Вопросы теории обычного права. Алматы,. 2003. Об отдельных сторонах борьбы с правовым нигилизмом./ Саясат 2001
20. Табанов С.А. Совершенствование законодательства: теория и опыт РК. Алматы. Жеті жарғы. 1999
21. Баймаханов М.Т. Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. Алматы, Жеті Жарғы. 1995
22. Журсинбаев С. Права человека в международно-правовых актах и конституции Казахстана. Астана ,1998. с. 70
23. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы, 2002
24. Сапарғалиев Г., Мухамеджанов Э., Жанузакова Л., Сакиева Р. Проблемы унитаризма в РК. Алматы. Жеті Жарғы,2000
25. Ударцев С.Ф. Метаправо и правопонимание (о трансформации правопонимания на новом уровне правового развития)
26. Табанов С. А. «Салыстырмалы құқықықтану негіздері», Алматы: Жеті жарғы, 2003.-464б
27. Қопабаев, Өмірәлі Ата Заң - мемлекет дамуының іргетасы /. - Алматы : Алатау, 2012 - 576 б.
28. Артықбаев, Жамбыл Омарұлы. Мемлекет және билік : 1-кітап. (Көне дәуір) / - Алматы : Заң әдебиеті, 2006. - 90 б. Библиогр.: 84-87 б. ISBN 9965-620-36-9

Нормативті-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) (2017 жылғы 10 наурыздағы өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029
2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы № 1007-ХІІ Конституциялық заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400_
3. Қазақ ССР мемлекеттік егемендігі туралы декларация (Алматы, 1990 жылғы 25 қазан). http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700_
4. Қазақ КСР-нің 1991 жылғы 10 желтоқсандағы № 1000-ХІІ «Қазақ ССР-нің атауын өзгерту туралы» Заңы. <https://online.zakon.kz/Док>
5. 2016 жылғы 6 сәуірдегі N 480-V Қазақстан Республикасының Заңы «Құқықтық актілер туралы» (2017 жылғы 11 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

2 Қазақстан Республикасының азаматтық құқық

1-Модуль. Азаматтық құқықтың жалпы ережелері

1.1 Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі, жүйесі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері. Азаматтық құқық құқық саласы ретінде. Азаматтық-құқықтық реттеудің пәні. Қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің әдісі. Азаматтық құқықтық міндеттері мен қағидаттары. Басқа іргелес құқық салаларынан азаматтық құқықтың шегін ашу. Құқық саласы ретіндегі азаматтық құқықтың жүйесі. Азаматтық құқық ғылым және оқу пәні ретінде. Азаматтық құқық ғылымындағы азаматтық-құқықтық реттеудің пәні мен әдісінің мәселелері. Азаматтық құқық ғылымының негізгі даму кезеңдері. Азаматтық құқық ғылымының міндеттері.

Азаматтық құқық ғылымының өзге құқықтық ғылымдармен өзара байланысы. Жеке құқық дуализмі мәселелері. Азаматтық құқық және кәсіпкерлік құқық. Шет мемлекеттердің азаматтық құқығының жалпы сипаттамасы. Қазіргі заманның негізгі азаматтық-құқықтық жүйелері.

Континенталдық жүйе. Англо-американдық жүйе. Азаматтық заңнама, азаматтық құқық нормалары мазмұндалған өзге де нормативтік құқықтық актілердің түсінігі. Азаматтық заңнама жүйесі.

ҚР Конституциясы азаматтық құқықтың негізі ретінде. ҚР азаматтық кодексі: жалпы сипаттамасы және құрылымы. ҚР АҚ мен өзге де заңнамалық актілердің арақатынасы. Іскерлік айналым дағдыларының азаматтық-құқықтық маңызы. Азаматтық құқықты аналогиясы (заң аналогиясы және құқық аналогиясы) бойынша қолдану. Азаматтық құқық нормалары және мораль мен адамгершілік нормаларының арақатынасы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларының азаматтық құқықтық қатынастарды реттеудегі маңызы. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай, кеңістікке қарай және тұлғалар бойынша қолданылуы. Азаматтық заңнаманың қолданылуы. Диспозитивті және императивті азаматтық-құқықтық нормалар. Азаматтық заңдардың түсінілуі. Азаматтық заңнама және халықаралық жеке құқық нормалары. Азаматтық заңнамадағы жеке мен жарияның арақатынасы.

1.2 Азаматтық-құқықтық қатынас. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау.

Азаматтық-құқықтық қатынастың түсінігі мен элементтері. Азаматтық-құқықтық қатынастың мазмұны. Субъективті азаматтық құқықтардың түсінігі, мазмұны және түрлері. Азаматтық-құқықтық қатынастардағы заңи міндеттердің түсінігі, мазмұны және түрлері.

Субъективті азаматтық құқық және құқыққа өкілеттілік. Азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері. Азаматтық құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің түсінігі мен арақатынасы.

Құқық қабілеттілік пен субъективті азаматтық құқықтың өзара айланысы. Азаматтық-құқықтық қатынастардың жіктелуі. Құқықтық

қатынастарды тоқтатылуы немесе өзгертілуі. Азаматтық-құқықтық қатынастардың туындау, өзгерту және тоқтату негіздері. Заңды фактілер және қанды құрамдар. Азаматтық құқық ғылымындағы заңды фактілердің жіктелуі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және азаматтық міндеттерді орындаудың түсінігі мен тәсілдері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері. Құқықты теріс пайдаланудың мәселесі. Бәсекелестікті шектеу мен нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдаланудың түсінігі. Құқықтарды жүзеге асырудағы азаматтық-құқықтық қатынастардың қатысушыларының парасаттылығы пен адалдығының түсінігі және презумпциясы. Азаматтық құқықтарды қорғаудан бас тарту және оның құқықтық салдары. Азаматтық құқықтарды қорғаудың түсінігі мен тәсілдері. Азаматтық құқықтарды қорғаудың жалпы және арнайы тәсілдері. Азаматтық құқық субъектісінің азаматтық құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының актісін жарамсыз деп тану. Залалдарды өтету: залалдардың элементтері, залалдарды өтету қағидаты. Моральдық зиянның өтемін төлету.

Құқықты тану жолымен құқықты қорғау ерекшеліктері. Құқық бұзылғанға дейінгі қалыпқа келтіру, және құқықтарды бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алу. Мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының заңға қайшы келетін актілерін соттың қолданбауы. Міндеттерді заттай орындату.

Бұзылған құқықты қорғаудың тәсілі ретінде айып төлеуді қолданудың шектері. Азаматтық құқықтарды қорғаудың юрисдикциялық және юрисдикциялық емес әдістері. Жалпы юрисдикция соттары мен мамандандырылған соттардағы азаматтық-құқықтық даулардың ведомстволығын бөлу. Төрелік соттың азаматтық құқықтарды қорғауы.¹⁰

Азаматтық құқықтарды қорғаудың әкімшілік тәртібі. Азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау. Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

1.3 Азаматтар азаматтық құқықтардың субъектілері ретінде

«Азаматтар» мен «жеке тұлғалар» түсініктерінің арақатынасы. Азаматтардың құқық қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің туындау және тоқтатылу сәті. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Азаматтардың есімі мен тұрғылықты жері азаматтық-құқықтық қатынастардағы дараландыру құралдары ретінде.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі мен әрекет қабілеттілігі бойынша азаматтардың категориялары. Азаматтардың толық әрекет қабілеттілігі. Эмансипация. Жас балалардың әрекет қабілеттілігі. Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі. Азаматтардың әрекет қабілеттіліктерін шектеудің негіздері, тәртібі және шектері. Азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану. орғаншылық және қамқоршылық. Әрекетке қабілетті азаматтарға патронаж.

Кәсіпкерлік қызметтің түсінігі мен белгілері. Дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесі. Дара кәсіпкердің дәрменсіздігі (банкроттығы). Азаматтың мүлкінен ақы өндіріп алу.

1.4 Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде. Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөлініс азаматтық құқық субъектілері ретінде.

Заңды тұлғаның түсінігі мен белгілері. Заңды тұлға институтының маңызы. Заңды тұлғаның теориялары. Заңды тұлғаның жалпы және арнайы құқық субъектілігі. Заңды тұлғаны дараландыру: атауы, тұрған жері, тауар белгісі және қызмет көрсету белгісі, тауардың шығарылған жерінің атауы. Заңды тұлғаның өкілдіктері мен филиалдары. Еншілес және тәуелді заңды тұлғалар. Заңды тұлғалардың жіктелуі.

13 Коммерциялық ұйымдар және олардың түрлері. Шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар. Өндірістік кооперативтер. Мемлекеттік кәсіпорындар. Коммерциялық емес ұйымдар: жалпы ипаттамасы және түрлері. Тұтыну кооперативтері. Қорлар. Мекемелер. Қоғамдық және діни бірлестіктер. Қазақстандағы дербес коммерциялық емес ұйымдар. Заңды тұлғалардың бірлестігі (ассоциациялар мен одақтар). Заңды тұлғаларды құру. Заңды тұлғаларды олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарай құру тәртібі мен тәсілдері. Құрылтай құжаттары. Заңды тұлғаның жарғылық капиталы және құрылтайшылардың үлесі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу:

мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар, мемлекеттік тіркеудің тәртібі. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту негіздері. Заңды тұлғалардың қызметтері лицензиялау. Лицензиялайтын қызмет түрлері. Заңды тұлғаларды тоқтату. Заңды тұлғалардың қызметін тоқтату тәсілдері. Заңды тұлғаларды қайта құру, қайта құру нысандары (түрлері). Өткізу актісі және бөлу балансы. Заңды тұлғаларды қайта құру кезіндегі құқықтық сирасқорлық. Заңды тұлғаны қайта құру кезіндегі несие берушілердің құқықтарының кепілдігі. Заңды тұлғаны тарату. Тарату негіздері мен тәртібі. Тарату комиссиясының (ликвидатор) қызметі. Заңды тұлғаны тарату кезіндегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі. Заңды тұлғаны дәрменсіз (банкрот) деп тану. Заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заңнама. Банкроттықтың түсінігі мен белгілері. Дәрменсіз (банкрот) деп танылмайтын заңды тұлғалар. Банкроттық туралы істерді қарау. Банкроттық рәсімдері. Оңалту және конкурстық басқарушылар: құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі. Сырттай байқау: мақсаты, тәртібі, мерзімі және байқау салдары. Борышқордың төлем абілеттілігін қалыпқа келтіру шаралары. Конкурстық өндіріс: мақсаты, тәртібі, мерзімі және енгізу салдары. Конкурстық масса. Несие ерушілердің талаптарын қанағаттандыру кезектілігі. Банкроттықтың ңайлатылған рәсімдері. Жоқ борышкердің банкроттығы. Заңды тұлғаны банкрот деп танудың салдары. Азаматтық-құқықтық қатынастар аясындағы жария

құқықтың субъектісі ретіндегі мемлекеттің құқық субъектілігінің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуы. Әкімшілік-аумақтық бөліністердің азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуы. Мемлекеттің заттық-құқықтық қатынастарға қатысуы. Мемлекеттің міндеттемелік-құқықтық қатынастарға қатысуы. Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністің міндеттемелері бойынша ақы өндіріп алу.

1.5 Азаматтық құқықтың объектілері

Азаматтық құқықтардың объектілерінің түсінігі мен түрлері. «Мүлік» категориясы азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Ақпарат 16 (соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпия) азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Жұмыстар мен қызметтердің нәтижесі азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Мүліктік емес игіліктер. Интеллектуалдық меншік. Осы объектілердің айналым қабілеттілігіне қарай азаматтық құқықтардың объектілерінің түрлері. Заттардың түсінігі мен заңи жіктелуі. Жеке-дара және тектік белгілерімен анықталған заттар. Тұтынылатын және тұтынылмайтын заттар. Адамның еңбегінен туындаған заттар және табиғи туындаған заттар. Жеке, отбасы, тұрмыста пайдалануға арналған заттар және кәсіпкерлік қызметте пайдалануға арналған заттар. Бөлінетін және бөлінбейтін заттар. Күрделі және жай заттар. Басты зат және керек-жарақ. Жемістер, азық-түлік және табыстар. Жанды және жансыз заттар. Жылжымайтын және жылжитын мүлік. Жылжымайтын мүлік түрлері және жылжымайтын мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері. Жылжымайтын мүлікке құқықтар мен ауыртпалықтарды мемлекеттік тіркеу. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар. Ақша (валюта). Валюталық құндылықтар. Бағалы қағаздар азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Бағалы қағаздардың жіктелуі. Бағалы қағаздар бойынша құқықтарды беру. Индоссамент, аваль. Бағалы қағаздардың түрлері. Вексель, оның түрлері, вексель бойынша төлем жүргізу тәртібі. Вексель наразылығы. Банктік депозит сертификаты облигация. Акция, акциялардың жіктелуі. Чек. Коносамент. Қос қойма куәлігі және жай қойма куәлігі. Опцион. Ипотекалық бағалы қағаздар. Мүліктік емес игіліктердің түсінігі, белгілері және түрлері. Мүліктік емес игіліктерді қорғау. Ар-намысты, абыройды, іскерлік беделді қорғау ерекшеліктері. Моральдық зиянның түсінігі. Моральдық зиянды өндірудің қағидаттары.

1.6 Мәмілелер

Мәмілелердің түсінігі. Мәміленің, шарттың, міндеттеменің арақатынасы. Мәмілелердің түрлері. Бір жақты мәмілелер. Екі жақты және көпжақты мәмілелер (шарттар). Реалды, консенсуалды, мерзімді, мерзімсіз, шартты және шартсыз, ақылы және ақысыз, сенімге негізделген мәмілелер. Биржалық мәміленің ерекшеліктері. Мәмілелердің жарамдылығының шарттары. Мәміленің қатысушыларының әрекет қабілеттілігі. Мәміленің нысанын ұстану. Мәміленің мазмұнының заңдылығы. Мәміле жасасу

кезіндегі ішкі ерік пен сыртқы ерік білдірудің тұтастығы. Мәмілілердің нысандары. Ауызша жасалатын мәмілелер. Жай жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер. Мәміленің жай жазбаша нысанын сақтамау салдары. Заңға сәйкес міндетті нотариалды нысанды талап ететін мәмілелер. Мәміленің міндетті нотариалды нысанын сақтамау салдары. Мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және мәмілелердің тіркелуі туралы заң талаптарын бұзу салдары. Мәміленің жарамсыздығы: түсінігі және заи салдары. Жарамсыз мәмілелердің түрлері. Мәміленің бір бөлігінің арамсыздығының салдары. Жарамсыз мәмілелер бойынша талап қою мерзімдері. Жалған және қулықпен жасалатын мәмілелер. Әрекетке қабілетсіз тұлғалардың, жас балалардың мәмілелері. Заңды тұлғалардың олардың құқық қабілеттілігінің шегінен, және мәміле жасауға өкілеттілік шегінен шығып жасаған мәмілелері. 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандардың және әрекет қабілеттілігі шектеулі тұлғалардың мәмілелері. Елеулі мәні бар жаңылысу салдарынан жасалған мәмілелер. Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілелер, кіріптарлық мәмілелер. Мазмұны заңнама талаптары мен өзге де құқықтық актілерге сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздері мен адамгершілікке қайшы келетін мақсатпен жасалған мәмілелер.

1.7 Өкілдік. Сенімхат. Мерзімдер. Талап қою мерзімі

Өкілдіктің түсінігі, маңызы және қолданылу аясы. Өкілдіктің түрлері. Өкіл бола алмайтын тұлғалар. Заңды өкілдіктің ерекшеліктері. Шартты (ерікті) өкілдік. Коммерциялық өкілдік. Оның өкілеттігі және белгілеу тәсілдері. Мәміле жасауға өкілеттігін асыра пайдаланып және мәміле жасауға уәкілдік берілмеген тұлғаның жасаған мәмілесі. Сенімхаттың түсінігі, түрлері және әрекет ету мерзімі. Сенімхаттың нысаны. Міндетті нотариалды нысанды талап ететін сенімхаттар және нотариалды куәландырылғандарға теңестірілген сенімхаттар. Заңды тұлғаның атынан берілген сенімхаттың нысаны. Сенімнің ауысуы. Сенімхаттың тоқтатылуы және оның тоқтатылуының салдары. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі, маңызы және заңи табиғаты. Мерзімдердің түрлері және заңи маңызы. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және міндеттердің орындау мерзімдері. Бұлтартпау мерзімдері. Кінәраттық, кепілдік мерзімдері және қызмет ету (жарамдылық) мерзімдері. Иелену мерзімі және оның талап қою мерзімімен байланысы. Мерзімдерді анықтау, оларды есептеу тәртібі. Азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері. Талап қою мерзімінің түсінігі және маңызы. Талап қою мерзімдерінің ережелерін қолдану. Талап қою мерзімдерінің түрлері: жалпы және арнайы. Талап қою мерзімі қолданылмайтын талаптар. Талап қою мерзімінің өтуінің басталуы. Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұру. Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұратын мән-жайлар. Талап қою мерзімін қалпына келтірудегі мерзімдерді есептеу тәртібі. Талап қою мерзімінің өтуіндегі үзіліс. Талап қою мерзімін қалпына келтіру. Талап қою мерзімін қалпына келтіруде ескерілетін мән-

жайлар. Талап қою мерзімінің өтіп кету салдары. Талап қою мерзімінің қосымша талаптарға қолданылуы.

2-Модуль Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар

2.1 Заттық құқықтар. Меншік құқығы. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтардың туындауы және тоқтатылуы.

Заттық құқық азаматтық құқықтың салашығы ретінде. Заттық құқықтардың түсінігі және мазмұны. Заттық және міндеттемелік құқықтардың салыстырмалы сипаттамасы. Заттық құқықтардың жіктелуі. Кепіл мен жалдауды заттық құқықтарға жатқызу мәселелері. Иелену заттық құқық ретінде. Меншік экономикалық категория ретінде. Меншік құқығының түсінігі объективті азаматтық құқық ретінде. Меншік иесінің өкілеттіктері, олардың мазмұны және жүзеге асыру мен қорғау шектері. Меншік иесінің ауыртпалықтары. Меншік құқығының мерзімсіздігі. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша меншік нысандары. Жеке меншік құқығы. Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру. Мемлекеттік меншік құқығы. Республикалық және коммуналдық меншік. Меншік құқығының объектілері мен субъектілері. Азаматтық құқықтың жария субъектілерінің меншік құқығының ерекшеліктері. Меншік құқығына ие болу. Меншік құқығының пайда туындауының бастапқы тәсілдері. Жаңа

затты дайындау. Өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын алу. Өңдеу. Жинауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру. Олжаға меншік құқығын алу шарттары. Көмбе. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малға немесе басқа да үй жануарларына меншік құқығын алу. Меншік иесі жоқ жылжитын заттарға меншік құқығын алу. Иелену мерзімі. Жемістер мен табыстарға меншік құқығы. Пәтер, гараж үшін үлестерді толық төлеу. Меншік құқығының туындауының туынды тәсілдері. Шарт бойынша алушының меншік құқығы пайда болатын кез. Заттардың берілуі. Мүліктің кездейсоқ жойылу және бүліну тәуекелі. Меншік құқығының тоқтатылу негіздері. Меншік құқығын ерікті және мәжбүрлеп тоқтату. Меншік иесінің еркімен меншік құқығын тоқтату. Меншік құқығынан бас тарту. Заттың қирауына немесе жойылуына байланысты меншік құқығының тоқтатылуы. Меншік иесінен оған тиесілі мүлікті мәжбүрлеп алу. Ірі бағалы заттарды сатып алу. Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлкінен ақы өндіріп алу. Заң құжаттарына сәйкес бұл тұлғаға тиесілі бола алмайтын мүлікті иеліктен айыру. Жер учаскесін алып қоюға байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру. Реквизиция және тәркілеу. Мемлекет меншігіне алып қою. Үлесті меншік қатысушысына ортақ мүліктегі оған тиесілі бөліктің орнына өтем төлеу. Жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін сатып алу. Мәжбүрлеп тоқтатудың өзге де тәсілдері. Тұрғын үй-жайға меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Тұрғын үй-жайдың меншік иесінің отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайды пайдалану құқығы. Жер учаскесі меншік құқығының объектісі ретінде.

2.2 Ортақ меншік құқығы. Өзге де (шектелген) заттық құқықтар.

Ортақ меншіктің түсінігі және туындау негізі. Ортақ меншік құқығының түсінігі және түрлері. Ортақ үлестік меншік. Ортақ үлестік меншік құқығындағы үлестерді анықтау. Үлестік меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету. Сатып алудың басым құқығы. Үлесті меншіктегі мүлікті пайдаланумен байланысты кірістер мен шығындарды ортақ үлестік меншік қатысушыларының арасында бөлу. Ортақ үлесті меншіктегі үлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару. Ортақ бірлескен меншік, оның туындау негіздері. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару. Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі. Шаруа және фермер қожалығының мүлкіне оның қатысушыларының ортақ бірлескен меншік құқығы. Кондоминиум ортақ бірлескен меншік құқығының ерекше нысаны ретінде. Меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқықтарының түрлері. Шаруашылық жүргізу құқығы. Шаруашылық жүргізу құқығының түсінігі, субъектілері және мазмұны, шектері. Шаруашылық жүргізудегі мүлікке меншік құқығы. Оралымды басқару құқығының түсінігі, субъектілері және мазмұны. Қазыналық кәсіпорын мүлкі мен мекеменің мүлкіне билік ету. Шаруашылық жүргізу құқығы мен оралымды басқару құқығына ие болу және тоқтату. Кәсіпорын немесе мекеме басқа меншік иесіне өту кезінде мүлікке құқықтарды сақтау. Жер пайдалану құқығы және жер қойнауын пайдалану құқығы. Сервитуттар: түсінігі, түрлері, оларды бекіту тәртібі мен негіздері. Узуфрукт, эмфитевзис, суперфиций.

2.3 Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау.

Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық құралдарының жүйесі. Меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық және міндеттемелік-құқықтық тәсілдері. Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі (виндикациялық талап). индикациялық талапты қанағаттандыру негіздері. Заттарды заңсыз иеленуден қайтарып алу кезінде есеп айырысу. Меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғау (негаторлық талап). Мүлікті тізімнен алып тастау туралы талап (тыйым салудан босату). Меншік құқығын тану туралы талаптар. Меншік иесі болып табылмайтын иеленушінің құқықтарын қорғау. Билік пен басқару органдарының актілерімен меншік иесінің құқықтарын заңсыз айыру мен шектеу кезінде меншік құқығын қорғау. Меншік құқығын азаматтық-құқықтық қорғаудың өзге де тәсілдері.

3- Модуль Міндеттемелік құқық.

3.1 Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны. Міндеттемедегі тараптар. Міндеттемені орындау.

Міндеттемелік құқықтың түсінігі мен жүйесі. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны, оның басқа мүліктік құқықтық қатынастардан айырмашылығы. Міндеттеменің туындау негіздері. Міндеттеменің субъектілері. Міндеттемедегі тұлғалардың көптігі. Міндеттемелердің жіктелуінің әселелері. Міндеттемелердің түрлері. Ортақтасқан, үлестік және субсидиарлық міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың қатысуымен міндеттемелер. Регрестік міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың пайдасына міндеттемелер. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы. Құқықты (талап етуді) беру. Қарызды алмастыру. Міндеттеменің орындалуының түсінігі мен қағидаттары. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және міндеттеменің шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмеуі. Міндеттемені тиісті борышқордың тиісті несие берушіге орындауы, міндеттемені борышқор үшін үшінші тұлғаның орындауы. Ортақтасқан және үлестік міндеттемелердің орындалу ерекшеліктері. Міндеттемені толық көлемде орындау. Міндеттемені бөлшектеп орындау ережелері. Міндеттемені орындау мерзімі. Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көрсетілмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса орындау тәртібі. Міндеттемені мерзімінен бұрын орындау. Міндеттемені мерзімінде орындамаудың салдары. Міндеттеме орындалатын жер. Ақшалай міндеттемені орындаудың ерекшеліктері. Міндеттемені орындау тәсілі. Міндеттемені заттай орындау. Міндеттемені қарсы орындау. Міндеттемені мерзімін өткізіп орындаудың салдары.

3.2 Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету.

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің түсінігі және тәсілдері. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің акцессорлық сипаты. Айып төлеудің түсінігі мен түрлері. Айып төлеу туралы келісімнің нысаны және оны сақтамау салдары. Залалдар мен айып төлеудің арақатынасы. Кепілпұл, оның аванстан айырмашылығы. Кепілпұлмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаудың және тоқтатудың салдары. Борышқордың мүлкінен ұстап қалу. Кепілдік міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісі ретінде. Кепілдік берушінің жауапкершілігі. Кепіл болушылық. Кепіл болушылықтың туындау негізі. Кепіл болушылықты тоқтату. Кепілдік жарна. Кепіл. Кепілдің түсінігі және туындау негіздері. Кепілдің түрлері. Кепілді қайталап салу. Кепіл міндеттемесін ұстап қалу. Кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алу негіздері мен тәртібі. Кепілге салынған мүлікті сату. Кепілді тоқтату негіздері. Айналымдағы тауарларды кепілге салу. Ломбардта заттарды кепілге салу. Ипотека. Ипотеканың түсінігі мен пәні. Ипотеканың пәні бола алмайтын мүлік. Ипотека туралы шартты мемлекеттік тіркеу. Тұрғын үйлер мен пәтерлер ипотекасының ерекшеліктері.

3.3 Міндеттемені тоқтату

Міндеттемені тоқтату негіздері (тәсілдері). Тиісінше орындау міндеттемені тоқтату тәсілі ретінде. Міндеттеменің орындалуын куәландыру.

Міндеттеменің бір тарабының талап етуі бойынша міндеттемені тоқтату, міндеттемелерді тиісінше орындаумен тоқтату. Бас тарту. Несие беруші мен борышқордың бір тұлға болуы. Жаңғыртылу. Борышты кешіру. Міндеттемені біртектес қарсы талапты есепке жатқызу арқылы тоқтату. Есепке жатқызу жол берілмейтін жағдайлар. Орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы. Мемлекеттік органның құжаты негізінде міндеттеменің тоқтатылуы, тоқтатылу салдары. Азаматтың қайтыс болуымен міндеттеменің тоқтатылуы. Заңды тұлғаның таратылуымен міндеттеменің тоқтатылуы. Міндеттеменің тоқтатылуының өзге де әдістері.

3.4 Міндеттемені бұзғандығы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен функциялары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің, санкциялар мен құқық бұзушыға жедел ықпал ету шараларының арақатынасы. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің нысандары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері: шарттық және шарттан тыс, үлестік және ортақтасқан, негізгі және субсидиарлық, толық және шектелген, аралас жауапкершілік, регресс тәртібімен жауапкершілік. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шарттары (негіздері). Құқыққа қайшы мінез-құлық. Зиян келтіру. Құқыққа қайшы әрекет пен зиян келтірудің арасындағы себепті байланыс. Кінә. Азаматтық құқықтағы кінәнің ерекшеліктері. Кінәсіздік жауапкершіліктің негіздері. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершіліктің ерекшеліктері. Жауапкершіліктен босататын мән-жайлар. Оқиға және бой бермейтін күш. Борышқордың мерзімді өткізіп алу салдары және несие берушінің мерзімді өткізіп алу салдары. Моральдық зиян. Моральдық зиянды ақшалай өтеу. Ақшалай міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

3.5 Шарттың түсінігі мен ережелері. Шартты жасасу, өзгерту және бұзу.

Шарттың түсінігі мен маңызы. Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастырудағы шарттың рөлі. «Шарт», «мәміле», «міндеттеме» ұғымдарының арақатынасы. Шарт еркіндігі қағидаты және оның шектелуі. Шарттардың түрлері. Жария шарт. Қосылу шарты. Алдын ала жасалатын шарт. Шарттың қатысушыларының пайдасы үшін және үшінші тұлғалардың пайдасы үшін жасалатын шарттар. Бір тарапты және өзара шарттар. Ақылы және ақысыз шарттар. Шартты түсіндіру. Шарттың мазмұны. Шарт ережелері. Шарттың елеулі ережелерінің заңи маңызы. Шарттың әдеттегі, қосымша және үлгі ережелері. Шарт нысаны. Ауызша, конклюдентті әрекеттер арқылы және үндемей қалу жолымен жасалатын шарттар. Жай жазбаша нысанда жасалатын және нотариалды нысан талап етілетін шарттар. Шарттың заңмен талап етілген нысанын сақтамау салдары. Шарттарды мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы талаптарды сақтамау салдары. Шарт жасасу. Шарт жасасу кезеңдері. Оферта мен

акцептке қойылатын талаптар. Жария оферта. Шарт жасалатын кез. Шарт жасалатын жер, оның заңи маңызы. Шартты міндетті түрде жасасу жағдайлары және тәртібі. Сауда-саттықта жасалатын шарттың ерекшеліктері. Шартқа дейінгі даулар. Шартты өзгерту және бұзу. Шартты оның әрекет ету кезеңінде өзгерту және бұзу негіздері. Шартты

бір жақты өзгерту және тоқтату. Мән-жайлардың елеулі түрде өзгеруіне байланысты шартты өзгерту және бұзу ерекшеліктері. Шартты өзгерту және тоқтату салдары мен тәртібі.

Модуль4. Міндеттемелердің жекелеген түрлерінің жалпы ережелер

4.1 Мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) беру жөніндегі шарттар. I бөлім. Сатып алу сату шарты және оның жекелеген түрлері: бөлшектеп сатып алу сату, тауар жеткізілім, келісім-шарт жасасу, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату, жекешлендіру.

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу және оралымды басқарудың заттық құқықтар ретіндегі ұғымы. Шарт меншік құқығының, шаруашылық жүргізудің және оралымды басқарудың туындау негізі ретінде. Сатып алу сату шартының тараптары. Сатып алу сату шартының пәні елеулі ереже ретінде. Тауар жөніндегі ереже (аталуы және саны). Сатушының тауар беру жөніндегі міндетін орындау мерзімі мен сәті. Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупінің ауысуы. Үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс тауар. Эвикция. Тауар ассортименті. Тауар сапасы. Тауардың жарамдылық мерзімі. Тауар сапасына кепілдік. Тауар жөніндегі өзге де ережелер (тауардың жиынтықтылығы, тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю). Тауар бағасы, тауарға ақы төлеу мерзімі және тәртібі. Тауарды кредитке сату. Сатып алу сату шартының ережелерін бұзу салдары. Бөлшектеп сатып алу сату шартының ұғымы, нысаны және ерекшеліктері. Сатушы – кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде. Жария шарт. Тауарларды үлгілер бойынша сату. Бөлшектеп сатып алу сату шартын жасасудың ерекшеліктері. Автоматтарды пайдалана отырып тауарды сату. Тауарды сатып алушыға жеткізіп беру туралы шартпен сату. Сапасы лайықты тауарды алмастыру. ҚР азаматтық кодексінің, «Тұтынушыларын құқығын қорғау туралы» ҚР заңының, ҚР кәсіпкерлік кодексін, «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР заңының, «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» ҚР заңының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің ережелерін талдау. Тауар жеткізілім шартының ұғымы. Тауар жеткізілім шартының елеулі ережелері. Тауар жеткізілім шартының нысаны. Тауар жеткізілім шартының пәні, бағасы және өзге де ережелері. Ұзақ мерзімді тауар жеткізілім шарты. Жекелеген бөліктермен тауар жеткізу. Тауарды жеткізудің кезеңдері, тәртібі және графигі. Тауарды жөнелту. Тауарды жеткізу. Жетіспеген тауар. Жетіспеген тауар бойынша тауарлардың түр-түрі. Тауар жеткізілім шарты бойынша іскерлік айналым ережелері. Тауарларды таңдау. Ыдыс және буып-түю. Жетіспеген тауар және тауар жеткізілімдегі кешіктіру үшін айып төлеу. Тауар жеткізілім

шарты бойынша тапсырыс беруші мен тауар жеткізушінің жауаптылығы. Тауар жеткізілім шартын орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту. Келісім шарт жасасу шартының ұғымы. Келісім-шарт жасасу шартының тараптары – ауылшаруашылық өнімдерін өндіруші (сатушы), мұндай тауарларды қайта өңдеу немесе сату үшін сатып алатын тұлға (сатып алушы). Энергиямен жабдықтау шартының ұғымы және белгілері. Қосылған желі ұғымы. Тұрмыстық мақсатта тұтынушымен энергиямен жабдықтау шартын жасасу сәті. Энергияның азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі ұғымы және ерекшеліктері. Энергиямен жабдықтау шартының тараптары – энергиямен жабдықтаушы ұйым, абонент. Желілерді, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану. «Электрэнергетика туралы» ҚР заңын, «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР заңын талдау. Кәсіпорынды сату шартының ұғымы. Кәсіпорын азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Кәсіпорынды сату шартының нысаны. Кәсіпорынға құқықтың ауысуы.

4.2 Мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) беру жөніндегі шарттар. II бөлім. Айырбас шарты, сыйға тарту шарты, рента шарты.

Айырбас шартының ұғымы. Рим құқығындағы айырбас шарты. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Айырбас шарты мүлікке меншік (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) құқығын беруге байланысты шарттардың бір түрі ретінде. Заттар, құқықтар, жұмыстар және қызмет көрсетулер айырбас шартының пәні ретінде. Айырбасталатын тауарлардың бағасы және құндылығының теңдігі. Айырбас шарты тараптарының өзара міндеттері. Айырбасталатын тауарларға меншік құқығының ауысуы. Айырбас шарты бойынша берілген тауардың мәжбүрлі алынып қойылғаны үшін жауаптылық. Мемлекет айырбас шартының тарабы ретінде. Айырбас шартының құқықтық сипаттамасы. Айырбас шартының мерзімі. Айырбас шартының елеулі ережелері. Айырбас шартының нысаны. Айырбас шартының мазмұны. Айырбас шартынан туындайтын құқықтарды виндикациялық талаптар қою арқылы қорғау. Сыйға тарту шарты. Рим құқығындағы сыйға тарту шарты. Сыйға тарту шартының тараптарын айқындау. Сыйға тарту шартының пәні. Заттар сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тартушыға не үшінші тұлғаға қатысты мүліктік құқықтар (талаптар) сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сый алушыны сыйға тартушының не үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттерінен босату сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шарты екіжақты мәміле ретінде. Заттық құқықтар сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартының нысаны. Сыйға тартуға уәде беру. Сыйға тарту шартының жарамсыздығының негіздері. Сый алушының сыйды қабылдаудан бас тартуы. Сыйға тартуға тыйым салу. Сыйға тартуға шектеу қою. Ортақ меншік сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартының пәні ретінде беруге болатын сыйлықтардың құны. Тұлғаның атынан сыйға тартуға жол берілмейтін жағдайлар. Сый алушы бола алмайтын тұлғалар. Шаруашылық жүргізудегі не оралымды басқарудағы мүлік сыйға тарту

шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту. Сыйға тартудың күшін жою. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тартуға және сыйға тартудың күшін жоюға жол берілмейтін жағдайлар. Сыйға тартылған заттардың кемішілігі себепті зиян келтіру салдары. Сыйға тартуға уәде беру кезіндегі құқықмирасқорлық. Қайырымдылық. Жылжымайтын мүлікті сыйға тарту шарты. Сыйға тартушы мен сый алушының құқықтары және міндеттері. «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР 2015 жылдың 18 қарашасындағы №410-V заңын талдау. Рента шарты. Рента шартының туындау және даму тарихы. Рента шартының ерекшеліктері. Рента шартының тараптары: рента төлеуші және рента алушы. Рента шартының нысаны. Рента шартының түрлері. Тұрақты рента. Ғұмырлық рента. Мүлікті рента төлемін алып отыру мақсатында иеліктен шығару. Жылжымайтын мүліктегі рента ауыртпалығы. Рента төлемін қамтамасыз ету, мүлікке қатысты кепіл құқығы. Рента төлеушінің міндеттемені орындамауы не тиісінше орындамауы қаупін рента алушының пайдасына сақтандыру. Рента шарты бойынша төлемдер. Рента төлемін кешіктіргендігі үшін жауаптылық. Рента шартын бұзу. Рента төлеушіге мүлікті беру барысында рента алушының мүдделерінің құқықтық кепілдіктері. Тұрақты рента және оның ерекшеліктері. Тұрақты рента алушылары. Тұрақты рента нысаны және мөлшері. Тұрақты рента төлемдерінің мерзімі. Төлеушінің тұрақты рентаны сатып алу құқығы. Рента алушының талабы бойынша тұрақты рентаны сатып алу. Тұрақты рентаны сатып алу. Тұрақты рента төлемі үшін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі. Ғұмырлық рента. Ғұмырлық рентаны алушылар. Ғұмырлық рентаның мөлшері. Ғұмырлық рентаның төлем мерзімдері. Рента алушының талабы бойынша ғұмырлық рента шартын бұзу. Рента шарты бойынша берілген мүліктің кездейсоқ жойылу қаупі. Ғұмырлық рента шарты тараптарының құқықтары, міндеттері және жауаптылығы. Өмір бойы асырауда ұстау. Өмір бойы асырауда ұстау шартының тараптары. Өмір бойы асырауда ұстауды ұсыну жөніндегі міндеттер. Өмір бойы асырауда ұстауды мерзімді төлемдерге алмастыру. Өмір бойы асырауда ұстауды қамтамасыз ету үшін берілген мүлікті пайдалану және иеліктен шығару. Өмір бойы асырауда ұстауды тоқтату.

4.3 тақырып. Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттар. Мүлік жалдау шартының жалпы ережелері. Көлік құралдарын жалға алу, прокат.

Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттардың жалпы белгілері. Мүлік жалдау шарты және оның белгілері. Мүлік жалдау шартының тараптары. Мүлік жалдау шартының объектілері. Кәсіпорын мүлік жалдау шартының объектісі ретінде. Жер пайдалану, жер қойнауын пайдалану құқықтары және өзге де заттық құқықтар мүлік жалдау шартының объектілері ретінде. Айналым қабілеттілігіне қарай мүлік жалдау шартының объектілерінің шеңберін шектеу. Қосалқы жалға беру. Қосалқы жалға берушінің жауаптылығы. Тұрғын-үйді, жер участогін, жер қойнауын және өзге де дербес табиғат объектілерін мүліктік жалдау шарты бойынша берудің ерекшеліктері. Мемлекет мүлкін мүліктік

жалдау бойынша берудің ерекшеліктері. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, соның ішінде концессия шартының негізінде мемлекеттік мүлікті жалға берудің ерекшеліктері. Мүлік жалдау шартының талаптары. Мүлік жалдау шартының нысаны. Мүлік жалдау шартының мерзімі. Жалға берілетін мүлікке қатысты

үшінші тұлғалардың құқықтары. Мүлік жалдау шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Жалға алушының жалға алынған мүлікке билік ету шегі. Жалға берушінің жалға берілген мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері. Жалға берілген мүлікке күрделі жөндеу жүргізу. Жалға алушының жалданған мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері. Жалға алушының жалданған мүліктен алынатын өнімге, жемістерге және өзге де кірістерге меншік құқығы. Жалданған мүлікке жасалған ажыратылатын және ажыратылмайтын жақсартулар. Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша мүліктік жалдау шартын өзгерту және бұзу. Жалға алушының шартты жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы. Мүліктік жалдау шартын қайта жаңарту. Мүліктік жалдау шартының тараптар өзгерген кезде күшін сақтап қалуы. Қосымша жалдау шартының негізгі мүліктік жалдау шартына тәуелділігі. Келесідей нормативтік құқықтық актілерді талдау: ҚР Азаматтық Кодексі, ҚР Жер Кодексі, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңы. Көлік құралдарын жалдау. Көлік құралын экипажымен жалдау шарты. Көлік құралының ұғымы. Көлік құралын экипажымен жалдау шартының нысаны. Көлік құралының мазмұны. Жалға берушінің көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану жөніндегі міндеттері. Көлік құралын сақтандыру. Көлік құралына келтірілген зиян үшін жауапкершілік. Көлік құралы келтірген зиян үшін жауапкершілік. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты. Көлік құралын экипажсыз жалдау шартының нысаны. Көлік құралын экипажымен және экипажсыз жалдау шарты тараптарының жауаптылығы. Прокат шарты. Прокат шартының нысаны. Прокат шарты жария шарт ретінде. Прокат шартының ерекшеліктері. Прокат шартының мерзімі. Прокат шартындағы жалға берушінің және жалға алушының құқықтары. Жалға алушының прокат шартынан бас тарту құқығы. Мүлікті жалға алушыға беру. Жалға берілген мүліктің кемшіліктерін жою. Прокат шарты бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы. Прокат шарты бойынша берілген мүлікке күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу. Прокат шарты бойынша жалға алушыға берілген мүлікті қосалқы жалға беру.

4.4 Лизинг, тұрғын-үйді жалдау шарты, ссуда (мүлікті тегін пайдалану) шарты. Кәсіпорынды жалдау. Үйлерді және ғимараттарды жалдау.

Лизинг шарты. Лизинг шартының қалыптасу тарихы. Лизинг ұғымы. Лизинг шартының тараптары. Лизинг нысанасы. Үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, көлік құралдары, жер учаскелері және кез келген тұтынылмайтын заттар лизинг нысанасы ретінде. Шарттың

пәні бола алмайтын мүліктер. Лизинг шартының елеулі ережелері. Лизинг нысанасына меншік құқығы. Лизинг түрлері. Ішкі және халықаралық лизинг. Қайтарымды лизинг. Қайта лизинг. Банктік лизинг. Қаржы лизингі, жедел лизинг. Толық лизинг. Қосалқы лизинг. Таза лизинг. Ислам лизингі. Лизинг шартының нысаны. Лизинг шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Мүлікті лизингке беру туралы сатушыны хабардар ету. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі. Лизинг шарты бойынша төленетін төлемдер. Лизинг алушыға лизинг шартының нысанасын беру. Сатушының жауапкершілігі.

Қаржылық лизинг. Лизинг беруші. Лизинг алушы. Лизингтік мәміле. Лизингтік қызмет. Тұтынылмайтын заттар. Сатушы, лизингтік мәміленің қатысушылары. Лизинг мерзімі. Банктердің лизинг беруші ретіндегі лизингтік қызметін лицензиялау. Тұрғын үйді жалдау шарты. Тұрғын үйді жалдау шартының тараптары. Жеке тұлғалардың тұрғын үйді жалдау шартының тараптары ретінде міндетті қатысуы. Тұрғын үйді жалдау шартының пәні. Тұрғын үйге меншік құқығының және оны пайдалану құқығының туындау және тоқтату негіздері. Жеке (бөлек) меншік. Жалға беруші. Жалға алынатын үй. Жалға алушы. Жеке тұрғын үй қоры. Коммуналдық тұрғын үй қоры. Кондоминиум. Қосалқы жалға алушы. Ведомствалық тұрғын үй қоры. Мемлекеттік тұрғын үй қоры. Тұрғын үй ұғымы. Ғимарат ұғымы. Кәсіпорынды жалдау шарты. Кәсіпорын азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Кәсіпорынды жалдау шарты бойынша берілуіне жол берілмейтін мүліктер. Кәсіпорынның жұмысшыларына қатысты құқықтар мен міндеттер. Жалға алушыға борыштарын аударғаны туралы жалға беруші өз кредит берушілерін жалдау шарты жасалғанға дейін жазбаша түрде хабардар ету міндеті. Жалға алушыға тиісті борыштың ауысуына келісім. Кәсіпорынды жалдау кезіндегі кредит берушілердің құқықтарының қорғалуы. Несие берушілердің келісімін алмастан жалға алушыға борышты аудару кезіндегі жалға берушінің жауаптылығы. Кәсіпорынды жалдау шартының нысаны. Кәсіпорынды жалдау шартын жарамсыз деп тану негіздері. Жалға алынған мүлікті беру. Өткізу актісі. Жалға алушының кәсіпорынды ұстау және оны пайдалану бойынша шығындарды төлеу жөніндегі міндеттері. Жалға алынған кәсіпорынның мүлкін пайдалану. Жалға алушының жалға алынған кәсіпорынға өзгерістер мен жақсартулар енгізуі. Жалға алынған кәсіпорынға жасалған ажыратылмайтын жақсартулар. Жалға алынған мүлікке жасалған ажыратылмайтын жақсартулардың құнын жалға алушыға өтеп беру. Жалға алынған кәсіпорынды қайтару. Үйлерді не ғимараттарды жалдау шарты. Үйлерді не ғимараттарды жалдау шартының нысаны. Жалға алу ақысының мөлшері. Үйді немесе ғимаратты беру. Ғимарат ұғымы. Құрылыс ұғымы. Мүлікті тегін пайдалану шарты. Мүлікті тегін пайдалану шартының тараптары. Мүлікті тегін пайдалануға беру. Тегін пайдалануға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілік. Тегін пайдалануға берілген мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары. Келесідей нормативтік құқықтық актілерді талдау: «Қаржы лизингі

туралы» ҚР Заңы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңы, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, ҚР Еңбек кодексі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы.

4.5 Жұмысты орындау жөніндегі шарттар (мердігерлік сипаттағы шарттар). Мердігерлік туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Жобалау және іздестіру жұмыстарына, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік.

Мердігерлік мазмұны. Мердігерлік шартының тараптары, пәні және нысаны. Мердігерлік шарты мен еңбек шартының ара қатынасы. Мердігерлік шартының интеллектуалдық меншік объектісін жасау жөніндегі шарттан айырмашылығы. Мердігерлік шартының түрлері (тұрмыстық мердігерлік, құрылыс мердігерлігі, жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік). Жұмысты мердігердің қарамағында орындау. Мердігердің шаруашылық еркіндігі. Материалдардың кездейсоқ жойылу қаупі. Бас мердігер және қосалқы мердігер. Бас мердігер және қосалқы мердігердің құқықтары, міндеттері және жауаптылығы. Жұмысты орындау мерзімі. Бастапқы, аралық және түпкі мерзімдер. Жұмыстың бағасы. Мердігерлік шартындағы мердігердің міндеттері. Мердігерге тапсырма. Смета. Тұрлаулы смета. Мердігердің үнемі. Жұмысқа ақы төлеу тәртібі. Жұмыстың нәтижесін, құралдарды, сыйақыны ұстап қалу құқығы. Жұмысты тапсырысшының материалдарын пайдалана отырып орындау. Тапсырысшы берген мүліктің сақталмағаны үшін мердігердің жауаптылығы. Тапсырысшының жұмыстарды орындау кезіндегі құқықтары. Мердігер тапсырысшыға ескертуге міндетті мән-жайлар. Тапсырысшының жәрдем көрсетуі. Тапсырысшының орындалған жұмысты қабылдауы. Жұмысты орындау барысындағы кемшіліктер. Жұмысты қабылдау-өткізу актісі. Көрінеу кемшіліктер. Жасырын кемшіліктер. Кепілдік мерзімі. Сараптама. Жекелеген бөліктерді немесе толықтай қабылдау. Жұмыстың нәтижесін мердігердің сатуына жол беретін негіздер. Толықтай қабылдау барысында кемшіліктерді айқындаған реттегі тапсырыс берушінің құқықтары. Мердігерлік нысанасы жойылған немесе жұмысты аяқтау мүмкін болмаған жағдайдағы тараптар арасындағы есеп айырысу. Жұмыстың сапасы. Жұмыстың сапасына кепілдік. Кепілдік мерзімді есептеу тәртібі. Мердігердің жұмыс сапасының тиісті дәрежеде болмауы үшін жауапкершілігі. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі. Мердігердің тапсырысшыға ақпарат беру міндеті. Тараптар алған ақпараттың құпиялылығы. Коммерциялық құпия. Тапсырысшыға материалдар мен жабдықтарды қайтарып беру. Тұрмыстық мердігерлік шарты және оның ерекшеліктері. Тұрмыстық

мердігерлік шарты жария шарт ретінде. Тұрмыстық мердігерлік шартының тараптары. Шарттың нысаны. Тапсырыс берушінің құқықтарына кепілдік беру. Тапсырысшыға жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру. Тапсырысшыға жұмыс туралы ақпарат беру. Жұмысты мердігердің материалынан орындау. Жұмысты тапсырысшының материалынан орындау. Жұмыстың бағасы және оған ақы төлеу. Орындалған жұмыстан кемшіліктер табудың зардабы. Тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеуінің зардабы. Құрылыс мердігерлігінің шарты және оның ерекшеліктері. Құрылыс мердігерлігі шартының тараптары. «Кілтке» дейінгі құрылыс туралы шарт. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тәуекелді бөлісу. Жұмыстың кездейсоқ қымбаттау қаупі. Мердігердің тәуекелін сақтандыру. Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін жауаптылық. Жобалау-сметалық құжаттама. Жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу. Жұмыстарды материалдық қамтамасыз ету. Жұмысқа ақы төлеу. Құрылыс салу үшін жер учаскесін беру. Тапсырысшының құрылыс мердігерлігі шартындағы қосымша міндеттері. Тапсырысшының шарт бойынша жұмыстың орындалуын бақылауы мен қадағалауы. Мердігердің қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттері. Тараптардың құрылысты консервациялау кезіндегі міндеттері. Жұмыс нәтижелерін тапсыру және қабылдау. Мердігердің жұмыстардың сапасы үшін жауаптылығы. Құрылыс мердігерлігі шартындағы сапа кепілдіктері. Кемшіліктерді тапсырысшының есебінен жою. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт. Жобалау және іздестіру жұмыстарының ұғымы. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректер. Тапсырысшының міндеттері. Мердігердің міндеттері. Мердігердің кепілдіктері. Жобалау-сметалық құжаттаманың және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері үшін мердігердің жауаптылығы. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарттар. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың ұғымы. Шарттың тараптары. Жұмысты мердігердің (атқарушының) орындауы. Жұмысты тапсыру, қабылдау және оған ақы төлеу. Шарт туралы мәліметтердің құпиялылығы. Тараптардың жұмыс нәтижелеріне құқықтары. Тапсырысшының міндеттері. Мердігердің (атқарушының) міндеттері. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартта нәтижеге жету мүмкіндігі болмауының салдары. Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта жұмыс нәтижесіне жету мүмкіндігі болмауының салдары. Мердігердің (атқарушының) шартты бұзғаны үшін жауапкершілігі.

4.6 Қызмет көрсету жөніндегі шарттар. Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Тасымалдау шарты. Кеме жалдау (чартер) шарты. Көлік экспедициясы шарты.

Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың ұғымы және белгілері. Қызмет азаматтық құқықтың объектілерінің дербес түрі ретінде. Мердігерлік және өтемелі қызмет көрсету шарттарының ажыратылуы. Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың мысалы. Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың құқықтық

табиғаты. Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Өтелмелі қызмет көрсету шартының тараптары. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындау. Қызметке ақы төлеу. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындаудан біржақты бас тарту. Өтелмелі қызмет көрсету шартының құқықтық реттелуі. Өтелмелі қызмет көрсету шартының кейбір түрлері: байланыс және ақпарат қызметі, медициналық қызметтер, әлеуметтік сипаттағы қызметтер, мал дәрігерлік қызметтер, аудиторлық қызметтер, құқықтық қызметтер, туристтік-экскурсиялық қызметтер, спорттық-сауықтыру қызметтері, шипажай-емдеу қызметтері, мәдени-тамашалау қызметтері. Өтелмелі қызмет көрсету шартының мазмұны. Тасымалдау шарты. Жүктерді, жолаушыларды және қол жүгін тасымалдау. Көлік құралының ұғымы. Жүктерді тасымалдау ұғымы. Көлік туралы заңнамалық актілерде қарастырылған көлік жүкқұжаты, коносамент, тауар-көлік жүкқұжаты. Жолаушыларды тасымалдау шарты. Жолаушыларды тасымалдау шартын рәсімдейтін құжаттар. Кеме жалдау (чартер) шарты. Кеме жалдау (чартер) шартының тараптары: кемемен жалданушы, кеме жалдаушы. Тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі ұзақ мерзімді шарттар. Көлік ұйымдарының арасындағы шарттар, тораптық келісімдер, жүктерді орталықтандырылған түрде әкелу (әкету) шарты және басқалар. Аралас тасымалдау. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау. Көлік құралдарын беру, жүкті тиеу (түсіру). Кіре ақысы. Жүкті, жолаушыны және (немесе) теңдеме жүкті жеткізу мерзімі. Жүкке билік ету құқығы. Жолаушылардың құқықтары. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік. Тасымалдаушының көлікті бермегені үшін және жөнелтушінің берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін жауапкершілігі. Тасымалдаушының тікелей аралас қатынас кезіндегі жауапкершілігі. Тасымалдаушының жолаушыны жөнелтуді кідірткені үшін жауапкершілігі. Жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі. Жүктерді тасымалдау жөніндегі талаптар мен талап қоюлар. Тайм-чартердің мазмұны. Қосалқы кеме жалдау шарты (субтайм-чартер). Көлік экспедициясы шарты. Шарттың тараптары. Шарттың нысаны. Экспедиторға берілетін құжаттар мен басқа да ақпарат. Экспедитордың міндеттерін үшінші тұлғаның атқаруы және де шарттың өзге де ережелері.

4.7 Заем шарты. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты.

Заем шартының туындау және қалыптасу тарихы. Заем шартының тараптары. Заем шартының нысаны. Заем шартының құқықтық табиғаты. Заем шартының жарамсыздығының негіздері. Заем пәнінің берілгендігін растайтын заемшының қолхаты және өзге де құжаттар. Заем шартының жасалуы. Заем шартының пәні. Заем шарты бойынша сыйақы. Сыйақыны төлеу тәртібі және мерзімі. Заем нысанасын беру. Нысаналы заем. Заемшының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету. Заем шартының талаптары. Заем нысанасын қайтару. Заем берушіге заем пәнін беру сәті. Заем пәнін бөліп-бөліп (кейінге

қалдыру арқылы) қайтару. Заем нысанасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты қанағаттандыру мерзімі. Заем шартын даулау. Заем шартында міндеттемені жаңалау. Заем шартының тоқтатылуы. Мемлекеттік заем шарты. Банктік заем шарты. Банктік қарыз шартының және микрокредит беру туралы шарттың ерекшеліктері. Банктік заем шартының құқықтық реттелуінің ерекшеліктері. Банктік заем шартының пәні және субъектілік құрамы. ҚР Бюджет кодексін, «Банктер және банктік қызмет туралы» ҚР Заңын, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңын талдау. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты. Факторинг шартының тараптары. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартының нысаны. Факторинг шартының құқықтық табиғаты.

Қаржыландыруды алу мақсатындағы берілген ақшалай талап. Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі. Факторинг шартының өзара сипаты. Талапты беруге тыйым салудың жарамсыздығы. Ақшалай талапты кейін беру. Борышқордың қаржы агентіне ақшалай талапты орындауы. Қаржы агентінің борышқордан алынған сомаларға құқықтары. Борышқордың қарсы талаптары. Қаржы агенті алған сомаларды борышқорға қайтару. Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етуді беру.

4.8 Банктік қызмет көрсету шарты. Банктік шот шарты. Ақша аударымы туралы шарт. Банктік салым туралы шарт.

Банктік қызмет көрсету шарты. Банктік қызмет көрсету шартының субъектілік құрамы. Банктік қызмет көрсету шартының түрлері: банктік шот шарты, ақша аударымы туралы шарт, банктік салым туралы шарт және заңнамада немесе тараптардың келісімінде көзделген шарттардың өзге де түрлері. Банктегі ақшаға билік етуді шектеу. Клиенттің ақшаны пайдалануына тыйым салу. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алып қою. Клиенттің ақшасын алу кезектілігі. Күнгізбелік кезектілік. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызмет көрсетуі. Банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу. Банк құпиясы. Клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Банктік шот шарты. Банктік шот шартының құқықтық табиғаты. Банктік шот шартының нысаны. Клиенттің ақшасына билік ету. Банктік шот шарты бойынша банк орындайтын операциялар. Ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы. Банктік шот шартын бұзу. Банктердің банктік шоттары. Банк ұғымы. Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы. Ақша аудару туралы шарт. Ақша аудару туралы шартты жасасу. Қолма-қол емес төлемдер. Ақшаның азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі құқықтық табиғаты. Ақша аудару туралы шарттың құқықтық табиғаты. Ақша аудару туралы шарттың елеулі ережелері. Банк салымы шарты. Банк салымының түрлері. Банк салымы шартының нысаны. Банк салымы шартының қолданыс мерзімі. Банк салымы шарты бойынша сыйақы. Банк салымы шарты бойынша сыйақы төлеудің тәртібі. Салымдарды енгізу. Үшінші тұлғалардың салымға ақша енгізуі. Үшінші тұлғалардың пайдасына салымдар. Банк салымдарын қайтару. Талап етілмелі салымдар. Мерзімді салымдар. Шартты

салымдар. Банк салымы шартының құқықтық табиғаты. Банк салымын қайтаруды қамтамасыз ету. Банк салымы бойынша жасалған операциялар үшін банк көрсеткен қызметтерге ақы төлеу. Салым ретінде берілген ақшаға қатысты банк пен салымшының құқықтары. Банк салымы шартының жасалу сәті. Үшінші тұлғалардың пайдасына жасалған банктік салым шарты. Банктік салым шартының нысаны және талаптары. Банктік салым шартының қолданыс мерзімі. Банктік қызметті реттеудің әкімшілік тәсілдері.

4.9 Сақтау шарты. Сақтаудың жекелеген түрлері. Сақтандыру шарты.

Сақтау шарты. Сақтау шартының тараптары. Сақтау туралы жалпы ережелер (сақтау пәнінен жылжымайтын мүліктің алынып тасталуы). Сақтау шартының құқықтық табиғаты. Сақтау шартының пәні. Затты сақтауға қабылдау туралы шарт. Затты сақтауға қабылдау міндеті. Заттарды иесіздендіріп сақтау. Сақтау шартының нысаны. Сақтау мерзімі. Сақтаушыға сыйақы беру және оның шығындарын өтеу. Сақтаушының заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері. Сақтау жағдайларын өзгерту. Затты үшінші тұлғаға сақтауға беру. Сақтаушының заттың сақталмағандығы үшін жауапкершілігі. Сақтаушы-кәсіпкердің жауапкершілігі. Сақтаушының жауаптылық мөлшері. Затты алу мерзімдерін бұзудың зардабы. Сақтаушыға келтірілетін залалдардың орнын толтыру. Сақтау туралы жалпы ережелерді оның жекелеген түрлеріне қолдану. Сақтаудың жекелеген түрлері. Ломбардта сақтау. Ломбардтан талап етілмеген зат. Құндылықтарды банкте сақтау. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау. Ұйымдардың киімлігіштерінде сақтау. Қонақүйде сақтау. Даулы заттарды сақтау (секвестр). Тауар қоймасында сақтау. Қойма куәлігі және оның түрлері. Кепіл куәлігі (варрант). Бидай айналымы саласындағы қойма куәліктері. Жай қойма куәлігі. Қос қойма куәлігі. Сақтау шарты тараптарының өзге де құқықтары мен міндеттері. Сақтандыру шарты. Міндеттілік деңгейі, сақтандыру объектісі, сақтандыру төлемін төлеу негіздері бойынша сақтандыру нысандары. Міндетті және ерікті сақтандыру. Сақтандыру объектісі. Міндетті сақтандыру жөніндегі ережелерді бұзудың салдарлары. Жеке және мүліктік сақтандыру. Жинақтаушы сақтандыру. Сақтанушы. Сақтандырушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы. Сақтандыру жағдайы. Сақтандыру сыйлықақылары. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру төлемі. Қос сақтандыру. Топтық сақтандыру. Ортақ сақтандыру. Қайта сақтандыру. Сақтандыру шартының нысаны. Сақтандыру ережелері. Сақтандыру шартының мазмұны. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуді кейінге қалдыру. Жинақтаушы сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіру. Өзара сақтандыру.

